

## Қарасу ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 68 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 қаңтарда № 6800 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 2018 жылғы 22 мамырдағы № 234 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 22.05.2018 № 234 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 19-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, Қарасу аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қарасу ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,  
Қарасу аудандық  
мәслихаттың хатшысы*

*С. Қазиев*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қарасу ауданы әкімдігінің тұрғын  
үй-коммуналдық шаруашылығы,  
жолаушылар көлігі және автомобиль  
жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
басшысы

\_\_\_\_\_ С. Рогозик  
2016 жылғы 12 желтоқсан

Мәслихаттың  
2016 жылғы 12 желтоқсандағы  
№ 68 шешіміне қосымша

**Қарасу ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары**

--	--	--	--

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объекті	Есептік бірлік	Жылына 1 есептік бірлікке коммуналдық қалдықтардың жинақталу нормасы, м <sup>3</sup>
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,48
2	Жатақханалар, интернаттар, қарттар үйлері	1 орын	1,08
3	Қонақ үйлер	1 орын	1,51
4	Балабақшалар	1 орын	1,31
5	Мекемелер, ұйымдар, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,7
6	Емханалар	1 адам	0,54
7	Ауруханалар	1 төсектік - орын	1,84
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,18
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	1,35
10	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,65
11	Өнеркәсіптік дүкендер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,54
12	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,16
13	Автомобильді жуу орындары, автомобильге жанармай құю станциялары	1 машина-орын	1,86
14	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	3,13
15	Шаштараздар	1 жұмыс орны	0,8
16	Аяқ-киімді жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	1,3
17	Моншалар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	2,2